

АҢШЫЛЫҚ БИЛЕТТЕРДІ БЕРУ ТӘРТІБІ ТУРАЛЫ ЕРЕЖЕ

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Табиғи ресурстар және қоршаған ортаны қорғау министрлігінің 2000 жылғы 3 тамыздағы N 308-П бұйрығы. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде 2000 жылғы 11 тамызда тіркелді Тіркеу N 1219. Күші жойылды - ҚР Қоршаған ортаны қорғау министрлігінің 2004 жылғы 9 қыркүйектегі N 247-Ө бұйрығымен.

Қазақстан Республикасы Президентінің "Қазақстан Республикасы мемлекеттік басқару жүйесін одан әрі жетілдіру шаралары туралы" 2002 жылғы 28 тамыздағы N 931 Жарлығына сәйкес, "Заңға тәуелді кесімдерді жетілдіру жөніндегі шаралар туралы" 2004 жылғы 20 наурыздағы Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің N 77-ө өкіміне сәйкес жүргізілген, нормативтік құқықтық актілердің ревизиясы нәтижесінің негізінде заңға тәуелді нормативтік құқықтық актілерді сәйкес келтіру мақсатында, БҰЙЫРАМЫН:

1. "Аңшылық билеттерді беру ережесі туралы" Қазақстан Республикасының Табиғи ресурстар және қоршаған ортаны қорғау министрінің 2000 жылғы 3 тамыздағы N 308-б бұйрығы (Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2000 жылғы 11 тамызда N 1219 тіркелген) күшін жойған деп танылсын.

М и н и с т р д і ң

міндетін атқарушы

РҚАО-ның с ілтемесі: Бұйрықтың қазақша аудармасы болмағандықтан орысша мәтінде беріліп отыр.

В связи с предложениями Министерства юстиции Республики Казахстан от 27 апреля 2000 года N 4-01-10-6/158-Г по Правилам о порядке выдачи охотничьих билетов и в соответствии с Положением о Министерстве природных ресурсов и охраны окружающей среды Республики Казахстан, утвержденным постановлением Правительства Республики Казахстан от 12 ноября 1999 года N 1693 Р 991693 _ при к а з ы в а ю :

1. Утвердить прилагаемые Правила о порядке выдачи охотничьих билетов (приложение N 1) и Типовую программу по охотничьему минимуму (приложение N 2) .

2. Правила о порядке выдачи охотничьих билетов направить в Министерство юстиции на государственную регистрацию.

3. Отменить приказы Министерства природных ресурсов и охраны окружающей среды Республики Казахстан от 9 марта 2000 года N 102-П и от 15 мая 2000 года N 208-П.

4. Контроль за исполнением настоящего приказа возложить на Департамент Главной государственной инспекции охраны окружающей среды.

И.о. Министра

Қазақстан Республикасы
Табиғи ресурстар және қоршаған
ортаны қорғау министрлігінің
N 308-П 3 тамыз 2000 ж.

бұйрығының N 1 қосылымы

АҢШЫЛЫҚ БИЛЕТТЕРДІ БЕРУ ТӘРТІБІ ТУРАЛЫ ЕРЕЖЕ

1. ЖАЛПЫ ЕРЕЖЕ

1. Қазақстан Республикасының "Жануарлар дүниесін қорғау, қайта қалпына келтіру және пайдалану туралы" Z933300_ Заңының 40 бабы мен Қазақстан Республикасы Министрлер кабинетінің 1995 жылдың 25 қыркүйегіндегі "Қазақстан Республикасы аумағында аңшылықпен айналысуға құқық беру тәртібін бекіту Ережесі туралы" N 1282 P951282_ қаулысы негізінде осы Ереже аңшылық билеттерді беру тәртібін анықтайды.

2. Аңшылық билет Қазақстан Республикасы аумағында әуесқойлық және спорттық аңшылықпен айналысуға құқық береді және аңшылық минимумды (емтиханды) тапсырған азаматтарға беріледі.

3. Аңшылық билет қатаң есеп беру бланкі болып табылады, белгіленген нысан бойынша дайындалады.

2. АҢШЫЛЫҚ БИЛЕТТЕРДІ БЕРУ ТӘРТІБІ

4. Аңшылық минимумды тапсыру бойынша аңшылар даярлау курстары Қазақстан Республикасының Табиғи ресурстар және қоршаған ортаны қорғау министрлігінің жануарлар мен өсімдіктер дүниесіне мемлекет тарапынан бақылау жүргізетін облыстық аймақтық басқармаларымен бекітілген бағдарлама бойынша осы Ереженің 5 пунктiнiң талаптарына сай келетiн заңды тұлғалар (алдағы уақытта - ұйымдар) жүргізеді.

5. Ұйымның оқу орындарында келесілер болу керек:

- 1) Оқыту жүргізуге арналған стационарлық ғимарат;
- 2) Теориялық білімдерін бекітуге арналған тәжірибелік сабақтарды өткізетін орын және жағдай;
- 3) Теориялық және тәжірибелік білім беретін білікті оқытушылар;
- 4) Сабақ өткізуге арналған нормативті құқықтық, оқу-әдістемелік әдебиеттер, техникалық құжаттама және көрнекті нұсқаулар.

6. Аңшылық минимум бойынша емтихан қабылдау үшін комиссия құрылады,

оның құрамына кіретіндер:

- жануарлар және өсімдік дүниесіне мемлекеттік бақылау жүргізетін аумақтық басқармасының бастығы (төрағасы);

- өкілдер: орман және биоресурстар бойынша облыстық аумақтық басқармасынан;

- және басқа да мүдделі меншік нысанына байланыссыз, ұйымдарынан.

7. Облыстың аумақтық ерекшелігіне байланысты аңшылық жердің аумағына орай аймақтық комиссия құруға болады.

8. Аңшылық минимумы емтихан қабылдау бойынша құрылған комиссия хаттамасы негізінде (1 қосылым) белгіленген тәртіпте аңшылық билетін беру реестрі құрылады (2 қосылым) және белгіленген нысандағы есеп карточкасы толтырылады.

9. Аңшылық билеттері жануарлар мен өсімдік дүниесіне мемлекеттік бақылау жүргізетін облыстық аумақтық басқарманы хаттамасы негізінде беріледі және құжаттың ішкі сол жағында мөрмен куәландырылады.

10. Аңшылық билеттерді қолдану мерзімі бекітілген тәртіппен аңшы мемлекеттік бажды төлеген соң ұзартылады. Төлегендігі мемлекеттік баждың маркасымен расталады. Марка жануарлар мен өсімдік дүниесіне мемлекеттік бақылау жүргізетін облыстық аумақтық басқарманы бекіткен тәртібімен орталықтандырылып даярланады.

11. Мемлекеттік баж маркасы аңшы билеті мен есеп карточкасына жапсырылады және арнайы мөртаңбамен бекітіледі. Керекті жағдайларда мемлекеттік бажды төлегенін растау үшін аңшылық билетке бекітілген үлгідегі қосымша жапсырылады.

12. Аңшылық билетті басқа біреуге беруге тыйым салынады.

13. Аңшылық билетсіз, не керекті сәйкес мөрсіз, не мерзімі өтіп кеткен билетпен, мемлекеттік бажды төлегені туралы белгісі жоқ болған жағдайда аңшылықпен айналысу заңсыз деп саналады және кінәлі заңмен белгіленген тәртіпте жауапкершілікке тартылады.

3. АҢШЫЛЫҚ БИЛЕТТЕРДІ ДАЙЫНДАУ, САҚТАУ ЖӘНЕ ЖОЮ ТӘРТІБІ

14. Аңшылық билеттер жануарлар мен өсімдік дүниесіне мемлекеттік бақылау жүргізетін облыстық аумақтық басқармасының сұранысы бойынша белгіленген тәртіппен жасалып құнды қағаз ретінде, нақты сақтауды қамтамасыз ететін жерде сақталады.

15. Аңшылық билеттерінің бланктері аңшыларға берілген кезеңге сай есептен шығарылады.

16. Аңшылық құқығынан шығарылғандардан алынған аңшылық билеттері, сонымен қатар бүлінген бланктер жануарлар мен өсімдік дүниесіне мемлекеттік

бақылау жүргізетін облыстық аумақтық басқармасының комиссиясымен жойылады, ол туралы арнаулы акт жасалады.

17. Жануарлар мен өсімдік дүниесіне мемлекеттік бақылау жүргізетін облыстық аумақтық басқармасы аңшылар билетінің берілуі жөнінде Қазақстан Республикасының Табиғи ресурстар және қоршаған ортаны қорғау министрлігінің алдында жылына бір рет 15 қаңтарға дейін есеп береді.

Аңшылық билетті беру тәртібі туралы Ереженің

№ 1 қосылымы

№ ____ оқу тобынан аңшылық минимум емтиханын қабылдау бойынша құрылған _____ комиссиясының (аймақтық мемлекеттік бақылау басқармасының атауы) " ____ " _____ 200__ ж. № ____ Хаттамасы

№ ! Тыңдаушының ! Теориялық білімі ! Практикалық білімі! Емтихан р/б! аты-жөні, тегі! бойынша емтихан ! бойынша емтихан ! дысы бойынша ! қортындысы ! қортындысы ! шығарған комис ! (бағасы) ! (бағасы) ! сия шешімі ! ! ! (беру/бермеу)

- 1
- 2
- 3
- 4
- 5
- 6
- 7
- 8
- 9

10

Комиссия төрағасы: _____ (аты-жөні, тегі) _____ (қолы)
Комиссия мүшелері: 1. _____ _____

(аты-жөні, тегі) (қолы)

2. _____

М.О. (аты-жөні, тегі) (қолы)

Жануарлар мен өсімдік
дүниесіне мемлекеттік
бақылау жүргізетін
облыстық аумақтық
басқармасы

Аңшылық билетті беру
тәртібі туралы Ереженің

N 2 қосылымы

N _____ " _____ " _____ 200__ ж.

емтихан комиссиясының хаттамасына

(жануарлар және өсімдіктер дүниесіне мемлекеттік бақылау жүргізетін
аймақтық басқарманың атауы)

Аңшылық минимум емтиханын тапсырғандарға аңшылық билетін беруге
арналған N _____ Реестр

N ! Аты-жөні, р/б! тегі	! Оқу тобының ! нөмірі	! Аңшылық билет ! нөмірі	! Алғандығы ! жөніндегі қолы
----------------------------	---------------------------	-----------------------------	---------------------------------

1 !	2	!	3	!	4	!	5
-----	---	---	---	---	---	---	---

	1	.
	2	.
	3	.
	4	.
	5	.
	6	.
	7	.
	8	.
	9	.

1	0	.
1	1	.
1	2	.
1	3	.
1	4	.

Аймақтық мемлекеттік _____
 ұйымның жетекшісі
 М.О.
 " ____ " _____ 200__ ж.

Қазақстан Республикасы
 Табиғи ресурстар және қоршаған
 ортаны қорғау министрлігінің
 N 308-П 3 тамыз 2000 ж.
 бұйрығының N 2 қосылымы

Аңшылық минимум бойынша типтік бағдарлама

N !	Тақырыптың атауы	! Теориялық	! Практикалық
р/б!		! сабақтың сағат	! сабақтың сағат
!		! с а н ы	! с а н ы

1 !	2	!	3 !	4
-----	---	---	-----	---

1	Қазақстан Республикасының аумағында аңшылық құру құқығы. Аңшылық құқығы мен міндеттері. Браконьерлік үшін жауапкершілік. Қазақстан Республикасының Қызыл кітабына енгізілген жануарлар.			4
---	---	--	--	---

Аңшының этикасы.

2	Аңшылық жерлер. Қазақстан Республикасы, облыстарда аңшылық құру ережелері мен мерзімдері.			4
---	---	--	--	---

Аңшылық фаунаны қорғау және қайта қалпына келтіру.

Лицензияланған және аңшылық құруға болатын жануарлар түрі.

3	Аңшылық құру әдістері. Аңдар және оларды аулау.		6	4
---	---	--	---	---

Құстар және оларды аулау. Балықшылық.

Аңшылық иттерді қолдану. Құсбегі.

4	Рұқсат беру жүйесі.		4	6
---	---------------------	--	---	---

Аңшылық қару-жарақ, оқ-дәрі және сайман. Қару жарақты сақтағанда және аңшылық құрған

кезде қауіпсіздендіру техникасы.

Жарақаттанғанға алғашқы жәрдем көрсету.

5 Барлық сабақ саны 18 10

Барлық сабақтар - 28 сағат, соның ішінде

Теориялық сабақ - 18 сағат

Практикалық сабақ - 10 сағат

Бір күнгі оқу сабақтарының ұзақтығы - 7 сағат

Оқудың ұзақтығы - $28 : 7 = 4$

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК